



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ВИРТУАЛДЫ ҚАРЫМ ҚАТЫНАСҚА ТҮСЕТІН СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚАБІЛЕТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерденова Алина Ергалиевна

verden.alina@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ӘҒФ ПСХ-41, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Құнанбаева А.Ж.

Әлеуметтік желі - жеке адам жайлы белгілі бір ақпаратты көрсету мүмкіндігі бар және сол арқылы оның жеке бетін(аккаунт) желінің басқа қатысушылары таба алатын, контенті(мазмұны) оған кіретін адамдар санымен анықталатын және пайдаланушылар көп тіркелетін интерактивті сайт[1].

Әлеуметтік желі – әлеуметтік топтар, тұлғалар, индивидуумдар болып табылатын түйіндер тобынан тұратын әлеуметтік құрылым. Әлеуметтік желіге тән ерекшеліктердің бірі бұл «достар» мен «топтар» жүйесі болып табылады.

Әлеуметтік желі персоналдық профиль жасау мен виртуалды өзара қарым қатынастарға түсуді жеңілдетеді. Ғаламтор пайдаланушыларының көпшілігі үшін әлеуметтік желілерге кіру норма, әдеттегі іс бола бастады.

Әлеуметтік желінің қатысушылары желілерге тек қана таныстармен қарым қатынас құру үшін ғана емес, сонымен қатар қызығушылықтар бойынша топтарға араласу үшін де кіреді. Сол топ қатысушыларының бір бөлігі контентті құрастырады, яғни ақпараттық толтыруды қамтамасыз етеді, ал басқалар әлеуметтік желіге бұл контентті оқу үшін кіреді[2].

Әлеуметтік желі қарым қатынас жасау мен өзіне өзі презентация жасаудың ыңғайлы құралдарын ұсынатын адамдарды белгілі бір принцип бойынша біріктіруге мүмкіндік беретін онлайндық сервис.

Әлеуметтік желі кеңістігінде қарым қатынасқа түсе отырып, оны пайдаланушы адам желідегі серверде оның жеке беттерінің мазмұнын зерттеп, түрлі көріністерін білуге болатын іс жүзінде өзінің виртуалды тұлғасын қалыптастырады. Әлеуметтік желі ішінде қарым қатынас жасай отырып, оның пайдаланушысы іс жүзінде өзінің виртуалды тұлғасын қалыптастырады, сол тұлғаның түрлі көріністерін желі серверінде оның жеке бетінің мазмұнына қарай отырып, тануға болады. Қазіргі әлеуметтік желі әдетте, стандартты сервистердің кешенін ұсынады: байланыс жасау үшін деректер бар жеке карточка, онлайндық мекен жай кітабы, онлайндық оргайзер, пайдаланушының мультимедиялық деректерінің қоймасы мен т.б. Яғни, әрбір адам ғаламторда өзінің «мекен жайына» ие болады[3].

Негізгі мақсат ретінде туыстар, әріптестер, серіктестермен қарым қатынаста болу мен сыныптастар, ескі таныстар мен алыс тұратын туыскандармен үзілген байланыстарды қайта жаңғырту шығады. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде адамдардың бір бірімен танысып, ғашық болу да орын алады, себебі виртуалды қарым қатынас психологиялық барьерді азайтады. Ұнаған адаммен көшеде танысудан гөрі, оны «өзінің достарына қосу» немесе жеке бетіндегі фотографиясына дауыс беру әлдеқайда жеңіл болады.

Әлеуметтік желілердің адамдардың коммуникациялары мен қарым қатынас құруына қалай әсер ететіні көптеген пікір туғызатын мәселе болып табылады. Бір жағынан, ол шынымен, қарым қатынасты қолдауды жеңілдетеді, жаңа таныстар, достар мен жұмыс іздеп табу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Бірақ басқа жағынан әлеуметтік желілердегі қарым қатынас басқа да мәселелерді туғызады: мысалы, пайдаланушының шынайы өмірден, отбасымен қарым қатынастан үзілгендігі, оның орнына адам компьютер алдында бос уақытын өткізеді, сонымен қатар «тірідей» қарым қатынастың жеткіліксіздігі пайда болады. Пайдаланушы жиі таныс емес адамдармен виртуалды қарым қатынасқа түсу кезінде көп уақытын жоғалтады, бұл оның оқу іс әрекеті, жұмысы, жеке өміріне теріс әсер қалдыруы мүмкін. [4].

Қазіргі қоғамдағы индивид жастық шақта бұқаралық ақпарат құралдары жағынан

әлдеқайда мәнді ықпалға түседі, соның салдарынан оның тұлғалық ұстанымдарымен қатар, мінез құлықтық паттерндері де өзгереді. Ақпараттық технологиялар түрлі топтарға, соның ішінде жастарға әлеуметтік қалаулы да, оған кері мінез құлық үлгілерін көрсете алатын автономды субмәдениет ортасын құруға мүмкіндік береді және сол арқылы тұлғалық өз өзін презентациялау стиліне де әсер етуі әбден мүмкін.

Көптеген авторлар әлеуметтік желінің теріс ерекшеліктерін көрсетеді. Пайдаланушылар өздерінің аккаунтарында жиі өзі жайлы жеке ақпаратты, фотосуреттерді көп салады және өздерінің пікірлерін ашық айтуға бейім болады. Бұл қауіп қатер туғызуы мүмкін, одан да ақпараттық қауіпсіздік мәселесін көтереді.

Тағы бір өзекті мәселе әлеуметтік желілерден тәуелділік болып табылады. Интерактивті ресурстардан тәуелділік әдеттегі компьютерлік ойындарға қарағанда, әлдеқайда күшті болады. Осылайша, әлеуметтік медиалардан тәуелділік біріншіден, егер адам онлайнда офлайннан гөрі уақытын көп өткізгенде, екіншіден, оның негізгі бастан кешірулері виртуалды ортада өткенде және әрдайым әлеуметтік желіге кіруге, соңғы жаңалықтарды білуге деген ұмтылыстар да пайда болғанда көрінеді. Бұдан әлеуметтік желідегі қарым қатынас адамдармен қарым қатынасты толықтырмайтыны, оны іс жүзінде жиі алмастыратыны шығады.

Оған қарамастан, әлеуметтік желілерде бүкіл әлем бойынша миллиардтан аса пайдаланушылар тіркелген және көпшілігі онсыз күн көре алмайды.

Қазіргі кезде жастар арасында әлеуметтік жалғыздық мәселесі кең етек алып жатыр. Соның нәтижесінде олар өздерінің бір бірімен қарым қатынас құру ортасын кеңейтуге ұмтылады. Ғаламтор аясында жаңа ақпараттық коммуникациялық ортаның пайда болуына байланысты бұл мәселені шешу жолы табылған сияқты боп көрінеді. Алайда, бұнымен толықтай келісуге болмайды.

Қоғамның компьютеризациясы қазіргі коммуникативті сана қалыптасуының маңызды факторы болып табылады, себебі виртуалды ортаның күнделікті өмірде алатын орны артып жатыр. Соның салдарынан, виртуалды коммуникацияның, соның ішінде әлеуметтік желілердің жастар арасындағы беделі күрт өсті. Мұндай желілер алғашқы кезекте адамдардың қарым қатынастағы қажеттіліктерін өтейді, яғни қоғамдық процестерге ықпал тигізетін нағыз әлеуметтік факторларға айналуға дайын болып жатыр. Студенттер қоғамның аса белсенді жастар тобы болып табылғандықтан, әлеуметтік желілер әсерінің артуы студенттер үшін мұндай ортаға енудің қаншалықты өзекті екендігінен байланысты болады.

Коммуникативті қабілеттер түрлі психологияның түрлі салаларының зерттеу объектісі болып табылады: әлеуметтік психология, дифференциалды психофизиология, педагогикалық психология, еңбек психологиясы, жас ерекшелік психологиясы.

А.Н.Леонтьев бойынша коммуникативті қабілеттер деп адам қоршаған адамдармен өзара әрекеттесудің қандай да бір деңгейін кең ететін өзарабайланысты сапалар кешенін түсінеді.

В.Н.Куницына адамдардың бір бірін қабылдау деңгейлеріне назар аударта отырып, тұлғаның коммуникативті көріністерінің құрылымына келесі деңгейлерді қосады: қарым қатынастағы шеберлік пен тәуелсіздік деңгейлері, лидерлік, радикалды серіктестік, қатал консервативті, авторитарлық агрессивті деңгей, невротикалық жалғыздық пен ұялшақтық[5].

Психологияда тәуелділік мәселесімен ресейлік те(Бурова, Васильева, Войскунский, Жичкина, Короленко, Личко, Менделевич, Чудова, Юрьева), шетелдік ғалымдар да(Голдберг, Гриффитс, Дэвис, Озрак, Янг) айналысқан.

М.Гриффитс пен К.Янг интернетке тәуелділік деп оффлайн болғанда, ғаламторға кіруге қажеттілік пен онлайн болғанда, одан шыға алмаушылық деп көрсетеді[2].

Кимберли Янгтың деректері бойынша қазіргі кезде Интернет аудиториясының көпшілік бөлігін 18 ден 25 ке дейінгі жастар құрайды. Студент жастар қарым қатынасқа ашық түседі, олар тез танысып, достық байланыстар тез құрылады, олар адамдар арасындағы

қарым қатынас(іскерлік, жеке қарым қатынас) құру нормаларын, сонымен қатар кәсіби еңбек дағдыларын игереді. Алайда интернетке тәуелділігі бар студенттердің кәдімгі студенттерден айырмашылығы бар.

Осылайша, К.Янг деректері бойынша интернетке тәуелді студенттердің 91% - ы қарым қатынаспен байланысты интернет серверлерін белсенді пайдаланады.

Интернетке тәуелді емес студенттер оларға қажет ақпарат табу мен бұрынғы таныстармен байланысын әрі қарай қолдау үшін мүмкіндік беретін Интернет аспектілерін ғана басым түрде пайдаланады. Интернетке тәуелділер оларға виртуалды кеңістікте жаңа адамдармен кездесу, әлеуметтену мен өз идеяларымен алмасуға мүмкіндік беретін Интернет ресурстарын ғана басым түрде қолданады.

Автор интернетке тәуелді студенттер арасында екі топты бөледі: Интернетке қарым қатынас үшін және ақпарат алу үшін кірушілер. Оған қоса жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша оларды желінің мұндай ерекшеліктері тартады: анонимділік(86 %), қол жетімділік(63%), қауіпсіздік(58%), пайдаланудың жеңіл болуы(37%). Бұл адамдардың берілген тобында Интернетте қарым қатынас құрудың компенсаторлық сипаты жайлы мәлімет береді. Олардың тәуелділігі шынайы өмірде әлеуметтік қолдауды ала алмайтындығын және тұрмыстық өзараәрекеттесуде күнделікті қарым қатынаспен қанағаттанушылығын азайтатын белгілі бір қиындықтарға тап болуын көрсетеді[6].

Әлеуметтік желілердегі қарым қатынастың әлеуметтік психологиялық аспектілерін зерттеген А.Е.Жичкина зерттеулері бойынша интернетке тәуелді студенттер «жок» деп айта алмаушылық, жауапкершілікті алу мен шешім қабылдаудан бас тартумен сипатталады. Одан басқа оларға жалғыз болудан қорқу мен жалғыздықтан қашу, қоршаған адамдармен өз ойымен, бастан кешірулерімен бөлісе алмаушылық тән болады[7].

Интернетке тәуелді студенттер динамикалық түрде өзгермелі жағдайларда өздерін сенімсіз боп сезінеді, өмірде болатын өзгерістерге қиын бейімделеді. Шынайы өмірде мұндай студенттер суықтық пен тұйықтылықпен ерекшеленеді, олар адамдармен қарым қатынаста икемсіз болады, скептикалық көзқарас ұстанады. Оларда тұлғааралық та, әлеуметтік те байланыстарды құру кезінде ұстамдылық байқалады.

Виртуалды әлемде болса, коммуникация үшін Интернеттің мүмкіндіктерін ескере отырып, олар қарым қатынасқа ешбір қиындықсыз ене алады, дәл солай оны тез тоқтата алады. Интернет кеңістікте шынайы өмірде шешуге тура келетін проблемалар мен міндеттер жоқ болады[8].

А.А.Сакбаева, К.Е.Кузьмина зерттеулері бойынша, интернетке тәуелді студенттерге сезімталдылықтың төмен болуы, шынайы әлеуметтік байланыстарды құруда психологиялық қиыншылықтарға әкелетін Интернет ортасына эмоционалды тәуелділік тән[9].

Н.В.Чудова түрлі зерттеулердің нәтижелерін жалпылай отырып, интернетке тәуелді студенттерді тікелей қарым қатынаста қиындықтарға тап болу(тұйықтылық), жалғыздық пен өзара түсіністіктің жеткіліксіздігін сезіну, төмен агрессивтілік, эмоционалды қысымдылық пен негативизмге бейім болу, тәуелсіздіктің ерекше құндылық ретінде шығуы, идеалды Мен жайлы түсініктердің нақты анықталмағандығы(тым жоғары немесе шындыққа сай келмейтін), өзін өзі бағалау төмендігі, проблемалардан мен жауапкершіліктен қашуға бейімділік көрініс алады деп түсінеді[6].

Интернетке тәуелді студенттердің бейімделгіштігі төмен, ұялшақ, бұл оларға өздеріне жақын адам табу мен қоршаған адамдармен сенімді тығыз өзара қатынастарға түсуге кедергі келтіреді[10].

Олардың әлеуметтік қолдау мен қарым қатынастағы қажеттілігі күнделікті өмірден виртуалды өмір кеңістігіне ығысады.

Тұтас алғанда, интернетке тәуелді студенттер олар үшін Интернет алмастыратын қарым қатынастағы фрустрацияланған қажеттілікке ие б.т.

Осылайша, интернетке тәуелді мен интернетке тәуелді емес студенттердің коммуникативті мен тұлғалық қабілеттерінің арасында белгілі бір айырмашылықтар бар, олардың Интернетте қарым қатынас жасаудағы мақсаттары әр түрлі болады.

Қолданылған әдебиет

1. Влияние через социальные сети / под ред. Н.В. Крыгиной. М., 2010. 52 с.
2. Печенкин В. Анализ социальных сетей: в ожидании чуда // Журнал «Компьютера». 2005. № 42. С. 15–20.
3. Губанов Д.А., Новиков Д.А., Чхартишвили А.Г. Социальные сети: модели информационного влияния, управления и противоборства. М.: ФИЗМАТЛИТ, 2010. 228
4. Носов Н. Виртуальная психология. М.: Аграф, 2000. 432 с.
5. Войскунский А.Е. Актуальные проблемы психологии зависимости от Интернета// Психол.журнал.2004.Т.25.№1. С. 90-100.
6. Гриффитс М.Интернет зависимость//Студенческий британский Медицинский Журнал.1999.Vol.7.С.428-429.
7. Жичкина А.Е. Социально психологические аспекты общения в интернете//Flogiston.1999.
8. Бондаренко Т.А. Виртуальная реальность в современной социальной ситуации. Автореф. дисс. ... докт. филос. наук. Ростов-на-Дону: ДГТУ, 2007. 20 с.
9. Чудова Н.В. Особенности образа Я «жителя» Интернета / Н.В. Чудова // 2-ая Российская конференция по экологической психологии. Тезисы. – М.: Экопсицентр РОСС, 2003. – С. 269-270.
10. Янг К.Диагноз – Интернет зависимость//Мир Интернет.2000.№2.С.24-29.

УДК 316.6:331.108

ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ К ОРГАНИЗАЦИОННОЙ ЛОЯЛЬНОСТИ

Ернаркызы Альмира

almira_ernarkyzy@mail.ru

Студентка 4 курса факультета социальных наук ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.С.Нурадинов

Растущий интерес к такому явлению, как лояльность сотрудника к своей организации, обусловлен тем, что персонал сегодня рассматривается в качестве фактора конкурентоспособности, а верность работников компании - как конкурентное преимущество. Руководители видят в укреплении лояльности персонала действенный механизм повышения эффективности организации. [1]

Несмотря на важность феномена лояльности сотрудников и наличие огромного количества литературы по этому вопросу, само понятие "лояльность" понимается по-разному. Прояснить основные понятия важно для того, чтобы выбрать адекватный инструмент диагностики и построить в организации эффективную систему управления лояльностью.

Рассмотрим, каким образом в современной научно-практической литературе интерпретируется понятие «организационная лояльность». [1. 2]

Позитивное отношение работника к организации, в которой он трудится, и соответствующее этому отношению поведение в русскоязычных научных изданиях зачастую определяется различными терминами: лояльность, приверженность, преданность, патриотизм. Единого понятийного поля и единства мнений по этому вопросу до сих пор не выработано. Анализ понятия "лояльность" (применительно к организации) на основании словарных определений позволил выделить следующие аспекты его значения:

доброжелательность, приветливость, открытость работника как в отношении компании в целом, так и в отношении других сотрудников;
честность, принципиальность;